Ұсыныс: Орташа ұпай жинаған 1 оқушымен жекелей жұмыстар жүргізу.

Қорытынды: 1-сынып оқушыларының танымдық таным процестерін зерттеу нәтижесінде оқушылардың таным процестері жақсы дамыған, **зейіні қалыпты жағдайда.**

**5-10- сынып оқушыларынан алынған** «Жасөспірімдер өміріндегі буллинг,кибербуллинг сауалнама тақырыбындағы **тест анықтамасы**

**Мерзімі:** 19. 09. 2024 жыл

**Қатысқандар:**

5-сынып-6 оқушы

6-сынып—11 оқушы

7 -сынып – 16 оқушы

8 - сынып –5 оқушы

9-сынып-14 оқушы

10-сынып -11 оқушы.

Барлығы:63 оқушы

**Әдісі**: анонимді тест

**Зерттеу мақсаты**: балалардың қауіпсіздігін сақтау, буллинг,кибербуллинг туралы білімдерін дамыту,зорлық-зомбылықтың,құқық бұзушылықтың алдын алу. сауаттылық деңгейін анықтау

Барысы: оқушыларға анонимді тест бланктері таратылып, сұрақтарды мұқият оқып, дұрыс жауаптарды белгілеуді және өз жауабын жаза алатындығы ұсынылды.

| № | Сұрақтар мен жауаптар | Сандық көрсеткіш | Сапалық көрсеткіш |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Буллинг» туралы білесің бе?** | | |
| | А) Иә | 63 | 100% |
| | Б) Жоқ | - | - |
| 2 | **Сен біреудің басқа біреуге қорлық көрсетуінің куәсі болдың ба?**<br>А) Иә | - | - |
| | Б) Жоқ | 63 | 100% |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | В)Баска | - | - |
| 3 | **Егер куә болсаң қорлаудың қандай түрі орын алды?**<br>А)Кемсіту | - | |
| | Б)Қорлау<br>В)Физикалық күш көрсету<br>Г)Қорлауды,мазақтауды телефонға түсіру<br>Д)Кибербуллинг (интернет желісінде қорқыту,мазақтау,қорлау)<br>Е)Баска | -<br>-<br>-<br>-<br><br>- | |
| 4 | **Сен өзің қорқытудың,қорлаудың қатысушысы болдың ба?**<br>А)Иә,бақылаушы ретінде<br>Б)Иә,құрбан ретінде<br>В)Иә,агрессор ретінде (қорлауды ұйымдастырушы,бастаушы ретінде)<br>Г)Жоқ,катысқан емеспін | <br>-<br>-<br>-<br><br>63 | <br><br><br><br><br>100% |
| 5. | **Бір-біріне айдап салу,қорлау көбінесе қайда кездеседі?**<br>А)Мектепте<br>Б)Аулада,көшеде<br>В)Әлеуметтік желіде,интернетте<br>Г)Баска | <br>-<br>53<br>3<br>7 | <br><br>84,1%<br>4,7%<br>11,1% |
| 6 | **6.Сен мұғалімдер тарапынан оқушыларды қорлау жағдайына куә болдыңба?**<br>А)Иә,жиі | - | |
| | Б)Иә,сирек | - | |
| | И)Жоқ | 63 | 100% |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | **Сен қорлық,жәбір көрген балаларға үлкендер қажетті көмек көрсетпейді деп санайсыңба?**<br>А)иә | 6 | 9,5% |
| | Б) жоқ | 15 | 28,8% |
| | В)бұл туралы ойламаппын | 42 | 66,6% |
| 8 | **Сен қалай ойлайсың,білім мекемесінде қорлау,жәбірлеуден аулақ болуға бола ма?**<br>А)Иә,егер үлкендер дер кезінде байқаса | 44 | 69,8% |
| | Б)Иә,егер жәбірленуші өзінің мінез-құлқын өзгертсе | 13 | 20,6% |
| | В)Иә,егер агрессорды (бастаушыны) жазаласа | 6 | 9,5% |
| | Г)Жоқ,ол мүмкін емес | - | - |
| | | | |
| 9 | **9.Кім сенің ойыңша білім беру ұйымындағы қорлауды тоқтата алады?**<br>А)Мектеп әкімшілігі | 22 | 34,9% |
| | Б)педагогикалық ұжым | 15 | 23,8% |
| | И)Ата-аналар | 21 | 33,3% |
| | Г)Оқушылар | 5 | 7,9% |

**Қорытынды:** 5-10- сынып бойынша тестіге 63 оқушы, 33 қыз бала,30 ұл бала толық қатысты.Тест саны 9 сұрақтан тұрды. Тест қорытындысы негізінде балалардың буллинг ,кибербуллинг туралы хабарлары бар екендігі анықталды.Балалардың қауіпсіздігі тұрақты , ешқандай тараптан қысым

көрсетілмегені анықталды.Қорлау, жазалау ,физикалық күш көрсету, әлеуметтік желіге жариялау фактілері анықталмады. «БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – ҚОҒАМ КЕЛЕШЕГІ» АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖИНАЛЫС 2024 жылдың 23 қазан күні мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Т.Халыкова жиналыстың мақсаты туралы айтып түсіндірді.

**Жиналыста талқыланған негізгі қауіптер:**

-интернеттегі қауіптер;

-шынайы өмірдегі буллинг және кибербуллинг;

-балалар арасында өсіп келе жатқан тренд болған онлайн ойындар;

-баланы қайғылы жағдайларға итермелеуі мүмкін кітаптар мен сайттар;

-әлеуметтік желілердегі алаяқтықтар.

**Қауіптердің алдын алу үшін не істеу керек?**

**- Ата-ана бақылауы**

Құрылғыларда ата-ана бақылауы сүзгілерін қолданыңыз. Бұл қажетсіз контентке қолжетімділікті шектеуге көмектеседі.

Ата-ана бақылауы – бұл арнайы құралдар мен параметрлер, олар ата-аналарға балаларының интернетте және құрылғыларда (компьютерлер, планшеттер және телефондар) не істеп жатқанын бақылауға көмектеседі. Бұл балаңызды қажетсіз немесе қауіпті контенттен қорғауға, гаджеттерді пайдалану уақытын шектеуге және интернеттегі байланыстарын қадағалауға мүмкіндік береді.

***Біз келесі нақты ұсыныстарды ұсындық:***

Балаңыздың телефонындағы қосымшалар мен ойындарды тексеру.

Әлеуметтік желілер мен топтарды бақылау.

Хабарламалар орнату.

Интернетті пайдалану уақытын шектеу.

Баланың эмоционалды жағдайын үнемі талқылау.

Балаңыздың интернеттегі достарын тексеру.

Еркін қарым-қатынас жасау үшін қауіпсіз орта құру.

Баланың іс-әрекетіне қатысу..

Сын тұрғысынан ойлауды және интернет қауіпсіздігін үйрету.

**Ұсыныс:**

1. Ата-ана балаларға барынша жақын болу

1. Балаңыздың телефонындағы қосымшалар мен ойындарды тексеру.
2. Интернетті пайдалану уақытын шектеу.
3. Балаңыздың интернеттегі достарын тексеру
4. Еркін қарым-қатынас жасау үшін қауіпсіз орта құру.

**«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО»МКМ-ні 5 сынып оқушыларының бейімделуі бағытталған түзету-дамыту сабақтарының анықтамасыЖүргізілу барысы:1. «Танысу»**

**жаттығуы.Өзіңді мақта» ойыны.Ол үшін сиқырлы допты алып,кезек-кезек өзін мақтайды.Бұл жаттығу арқылы оқушыларда өзіне деген сенімділік пен батылдық артады.**

**2. Орнымызды ауыстырайық» ойыны Бұл ойында көңіл-күй көтеріліп, бір-бірі туралы қосымша ақпарат алуға мүскіндік алады. «Кімнің үйінде мысығы бар?», Кімнің достары көп?», «Балмұздақты кім жақсы көреді? Т.б сұрақтар қойылады. Бір орындық алынып тасталады.Сұрақтарға жауап беріп. Орындарын ауыстырып отырады.**

**3. «Ой қозғау», «Сөйлемді жалғастыр» жаттығуы. Оқушылар сөйлемді жалғастырады.**

**«Бастауыш мектепте маған бәрінен де есте қалғаны...»**

**«5-сыныпта мен (менің)... келеді.**

**Оқушылар 5-сыныпқа келгенде олардың өмірінде қандай өзгерістердің ,жаңалықтардың болғандығы туралы әңгімелеу ұсынылады.**

**4. «Мен кіммін? Мен қандаймын?» жаттығуы жазбаша жазады.**

**Менің ойымша, мен...**

**Басқалар мені ...ойлайды.**

**Мен ... болғым келеді.**

**5. «Дос іздеймін» жаттығуы**

**Хабарландыру жазу ұсынылады. Онда өзі туралы, өзінің айналысатын нәрсесі, сүйікті ісі туралы әңгімелейді.өзіне бүркеншек ат ойлап табу керек.**

**Хабарландыру жиналып алынады, оқылады. Әрбір оқылған хабарландырудың авторын табады. Дұрыс тапса, қосымша автордың жақсы қасиеттерін атайды.**

- **Өзің туралы жазу оңай болды ма?**
- **Шындықты айту қиын ба?**

**Кері байланыс. Қорытындылау.** 8,9,10- сынып оқшыларынан алынған «Ағаштағы адам»графикалық тест қорытындысы

Суицидуалды әрекетке бейім балаларды анықтау мақсатында Пип Уилсон «Ағаш» проективті әдістемесі алынып, қорытындыланды. Нәтижесінде позицияларды қауіп тудыратын негативті теріс ойлы оқушы анықталған жоқ.Жалпы оқушыларда кедергілерді еңсеру, достықты қолдау, өмірдің әр сәтін бағалаушылар белсенді позитивті қарым-қатынастағы психологиялық климаттың бар екені анықталды.

«Менің сыныбым» әдістемесінің хабарламасы
Мақсаты: Оқушылардың мектепке, сыныпқа бейімделуінің деңгейін анықтау.
Қатысқандар: 5-7- сынып оқушылары
Барлығы: 33 оқушы Талдау нәтежесі: 1. «Мұғалімнен алыста» позициясында тұрған болса – баланың сынып ұжымына бейімделуінде қиындықтардың бар екенін көрсетеді. 2. Өзге балалармен өзін теңестіру, жұп болып тұруы, ойыншылармен бірге – баланың бейімделуі жақсы деңгейде. 3. Мұғаліммен бірге: бала үшін мұғалімнің маңыздылығы ерекше екендігі. 4. Ойын позициясы: оқу позициясымен сәйкес келмейді.

Қорытынды: Оқушылардың 100 %-ы сыныпқа бейімделуі жақсы, 50%-ына мұғалімнің маңыздылығы ерекше, көбінесе ойын позициясына жақын оқушылар 06%-ды құрайды, сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушы 0% ы құрайды. **«9-сынып оқушыларының кәсіпті қалау бағытындағы Джон Голланд әдістемесі сауалнамасының анықтамасы**

9- сынып білім алушыларынан 17 қаңтар күні Джон Голланд сауалнамасы алынды.
Мақсаты: Оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін, кәсіби бағытын анықтау
Қорытынды: Сауалнамаға 9 сыныптан 14 білім алушы толық қатысты. Нәтижесінде:
Реалистік тип. 1 оқушы-7,1% . Олар келесі мамандықтарда шеберлікке тез жетеді: механик, инженер, электрик, агроном, бағбан, жүргізуші және т.б.

**Интеллектуалдық тип.** 1 оқушы-7,1% Интеллектуалдық шығармашылық міндеттерді шешуге бейім. Ғылыми тұрғыда мамандықты таңдайды. Қызметтің мына түрлерін ұнатады: математика, география, геология, шығармашылық кәсіптерді таңдап отырған бір оқушы . **Әлеуметтік тип**. 6 оқушы-42,8%, Айрықша әлеуметтік ептілігі бар,айналасындағыларға тәуелсіз, жағдайға тез бейімделгіш, сезімтал. Ұнататын қызмет саласы: психология, медицина, педагогиканы таңдап отырған.

**Тапқыр тип- 7 оқушы.57,1%.**Белсенділікті,қызбалықты, құлшынысты, ықта жігерді талап ететін міндеттер мен мақсаттарды таңдайды. Олар басқаларға әсерлі болатын және жоғары статусқа ие болуға жол ашатын қажеттілігін қанағаттандыратын іс-әрекеттерде табысты болады, яғни, «ер адамға» тән басқарушы ролін атқара алады: басшы, директор,телеоператор, кәсіпкер, сатушы, артист, журналист,дипломат және т.б. мамандықтарды ұнатады.

9-сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар бойынша «Менің болашақ мамандығымның таңдауы» тренин анықтамасы

Ақпан айының 04.02.2025 жылы 9- сынып оқушылары арасына кәсіптік бағдар беру бойынша түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.Тақырыбы: «Менің болашақ мамандығымның таңдауы» тренинг

Мақсаты – оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтау;
Қатысқандар: 14 оқушы.
Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау жұмысы мыналарға бағытталған:
1. 9- сынып оқушыларының жеке қасиеттері мен қызығушылықтарын зерттеу.Мамандық таңдаудың маңыздылығы туралы ой бөлісті.
2. « Сенімділік» жаттығуы жүргізілді.
3. Анкеталық сұрақтар алынды.
4. « Әріпті жалғастыр» жаттығуы

5.Оқушы пікірі тыңдалы.Бүгінгі күннен қандай қорытынды шығарды,ойландыратын жағдайлар болса, ой бөлісті.

6.Тренинг қорытындыланды.Тілектер айтылды.
Ұсыныстар:
1.Психолог сынып жетекшілерімен бірге оқушылардың кәсіби дамуына байланысты психологиялық көмек көрсету.
2. Оқу профилін таңдауда, мамандық таңдауға дайындық кезінде бағдарлауға көмектесу.

3. Кәсіби ақпараттық базаны құру және үнемі жаңартып отыру.
4. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтаудағы өзіндік белсенділігін ынталандыру.

Ұсыныс: Сыныптағы қарым-қатынас деңгейін көтеру,ер бала М.Н оқушымен жекелей жұмыстар жүргізу,балалардың ынтымақтастығын арттыру

## Ү.Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау

Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау бөлімі бойынша 7 мәселе бақылауға алынған.

1. Тіл апталығының ұйымдастырылуы   (тақырыптық бақылау)
2. Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстар бойынша оқушылардың интелектуалдық байқаулар, ғылыми жоба жарыстарына қатысу барысын бақылау (сыныптық бақылау)
3. Аудандық пәндік олимпиадаға оқушылардың дайындығын бақылау (тақырыптық бақылау)
4. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің іс-тәжірибелерін зерттеу, талдау , бақылау(тақырыптық бақылау)
5. Қорытынды аттестаттауға дайындық барысын бақылау (қорытынды бақылау)
6. Әдістемелік бірлестік жетекшілерінің жұмыс жоспарының орындалуы (ағымдық бақылау)
7. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бойынша қазақ тілі мен әдебиеті, математика және жаратылыстану бағытындағы пән мұғалімдерінің атқарған жұмысын бақылау (тақырыптық бақылау)

«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығы мемлекеттік коммуналдық мекемесінің 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Тілдер мерекесіне арналған 5-10 қыркүйек **аралығында «Тіл- тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз»** тақырыбында апталық өткен. Тіл апталығына байланысты 2-9,10 сыныптарда іс-шаралар жоспары құрылып,жоспар бойынша біршама жұмыстар атқарылған.

2024-2025 оқу жылында дарынды балалармен жұмыс жүргізу үшін пән мұғалімдері тарапынан іс-шаралар жоспары құрылған. Мектепте «Азамат » оқушылар ғылыми қоғамының жылдық жоспары жасалынып, сол бойынша жыл бойына атқарылатын жұмыстар жоспарланған. «Азамат» оқушылар ғылыми қоғамының төрайымы жоғары білімді,педагог-сарапшы,қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.С.Нурымбетова бекітілген. Қоғам мүшелеріне «Азамат» ғылыми қоғамы жұмысының мақсаты мен міндеттері директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Худайназарова тарапынан таныстырылған. Математика пәні бойынша «Алтын сақа» пәндік олимпиадасына 3-6 сынып оқушылары қатысып аудандық кезеңге өтті. «Алтын түлек» олимпиадасына 10 сыныптан 3 оқушы қатысып аудандық кезеңге өтті «Менің шағын Отаным» тақырыбында тарих пәнінен сайысқа10 сыныптан Елшібай Ғайни, Тұмарбай Ақмаржан 2 орын иеленді. аудандық «Зерде»ғылыми жобасына 7-сынып оқушысы өлкетану секциясы бойынша «Жергілікті жердегі құстар пайдасы » тақырыбы бойынша Аймағамбет Аделя қатысып, жүлделі 3 орынға ие болды. Жетекшісі Сәттібай Арай. Аудандық КҒА –на 6-сынып оқушысы Қаратай Перизат «Қарлығаш құсының пайдасы» тақырыбында өз жұмысын қорғап 1-орынға ие болды.Облыстық кезеңге шықты. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Т.Төлепбай. 7-сынып оқушысы Тұмарбай Жәнібек КҒА-на ағылшын тілі пәні бойынша қатысып 2-орынға ие болды,жетекшісі Н.Өзбекова. Аудандық «Махамбет оқулары» байқауынан 9- сынып оқушысы Рустемқызы Айсель жүлделі бірінші орынға ие болып облысқа жолдама алды.Жетекшісі Г.Нурымбетова.Бек Тоғысбаевтың 100 жылдығына орай онлайн қатысқан 10 сынып оқушысы Елшібай Ғайни «Менің атым Қожа»повесті бойынша газетке мақала жазып,повестінен үзінді оқып алғысхат иегері болды.8- сынып оқушысы Темірбек Азиза «Әбіш оқулары» сайысына қатысып,1 орынмен облысқа жолдама алды. 8 сынып оқушысы Елшібай Қанағат 2 орын. Әбіш Кекілбаев шығармаларын зерделеу бойынша. Жетекшісі Н.Г.Денгелбаева

2024 жылдың қараша айының 06-10 күндері аралығында мектеп директорының 01.11.2023 жылғы №113-н бұйрығы негізінде мектеп оқушыларын аудандық пәндік олимпиадаға дайындау барысы бақыланған. Қазақ тілі,алгебра,информатика,химия,биология,география,тарих,ағылшын тілі пәндері бойынша мектепішілік олимпиада жеңімпаздары анықталған. Оқушылар олимпиада ережесімен,тапсырма түрлерімен таныстырылған. 2024-2025 оқу жылының ерекшелігі жалпы білім беретін пәндер бойынша тек ауыл оқушыларына арналған олимпиада өтетіндігі анықталан. Соған байланысты әр оқушының жеке

аккаунттары мен байланыс телефондары сайтқа жеке тіркелген. Әр пән мұғалімі өздерінің бағыттары бойынша дайындық жұмыстарын жүргізген. Мектеп директорының 2024 жылғы 2 желтоқсандағы №122-н бұйрығы негізінде желтоқсан айының 7-20 күндері 2024-2025 оқу жылындағы аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің іс-тәжірибелеріне талдау жасалды.

Жалпы мектеп бойынша биылғы оқу жылына аттестаттаудан өтуге өтініш берген 5 мұғалім бар. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі О.Алдыбаев педагог-сарапшы санатына, ағылшын тілі пәні мұғалімі Жантұрсын Мадина,бастауыш сынып мұғалімдері Сәтгібай Арай,Төлепбай Талшын педагог-модератор санатына өтініш берді.Математика пәні мұғалімі Халыкова К, 30 жылдан астам стажы болуына байланысты тек қана портфолио жинақтайды,өз өтініші бойынша модератор санатында қалады

Аталған тақырып бойынша құрылған комиссия педагогтардың іс-құжаттарын тексерді. Алдыбаев Орынбасар Байтанович ,жоғары білімді,педагог-модератор,еңбек өтілі-31 жыл.Сарапшылық санатына өтініш беріп отыр.2022 жылы дене шынықтыру пәні бойынша пәндік құзыреттілікке байланысты «Өрлеу» ҰБАО біліктілікті арттыру курсынан өткен. «Өрлеу»БАҰО цифрлық құзырлығын дамыту біліктілікті арттыру курсынан өткен,2021ж.
Халыкова Кульжахан жоғары білімді маман,Жетістіктері: Жалпы білім беретін пәндер бойынша9-11 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасының аудандық кезеңінен 8- сынып оқушысы Алимжанұлы Арнұр 2 орын,Республикалық «Дарын» ғылыми жобалар байкауынының аудандық кезеңінен Қаратай Бексұлтан 2 орын,2022ж. Жалпы білім беретін пәндер бойынша9-11 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасының аудандық кезеңінен 8- сынып оқушысы Қаратай Бексұлтан математика пәні бойынша 2 орын 2023-24 оқу жылы.25 қазан Республика күні мерекесіне орай аудандық білім бөлімінен алғыс хат. Жантұрсын Мадина Фаридқызы жоғары білімді, еңбек өтілі 3 жыл. Педагог-модератор санатына өтініш берді.
Жетістіктері: «Жарқын болашақ кепілі-жас маман» атты жас педагогтар аудандық байқауының III орын жүлдегері 2023ж. 5-6 сынып арналған жасөспірімдер олимпиадасы 3 орын Алмасұлы Нұрасыл 2022ж. 7-8 сынып арналған жасөспірімдер олимпиадасы 2 орын Рүстемқызы Айсель 2023ж. 5-6 сынып арналған жасөспірімдер олимпиадасы 2 орын Аймұханбетқызы Аделья 2023ж. «Қазақстан ұлағаты»республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық баспасөз орталығынан ҚМЖ жариялағаны үшін алғыс хат 2024 жыл,Балқаш аудандық білім бөлімінен «Ақпарат және баспа » фракциясының жұмысын насихаттау аудандық семинарында өз іс-тәжірибесін таратқаны үшін Алғыс хат 2023 жыл. Біліктілікті арттыру бойынша: мемлкеттік рәміздерін насихаттау жөніндегі ұлттық орталығы ұйымдастырған курс 2022 ж. Сертификат «Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы 2023ж. ҚР ЖШС «Өрлеу -РК» оқу орталығы ұйымдастырған «Буллинг-себептері,формалары,алдын алу»бойынша курс 2023 ж, ҚР ЖШС «Өркендеу» оқу әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Буллинг-себептері,формалары,алдын алу»бойынша курс 2024ж. Баспа: «Қазақстан ұстазы ұлағаты» республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналының желілік басылымына оқу әдістемелік материал ҚМЖ жариялаған 2024 ж. Аты-жөні: Толжарасова Жаухазын Қуатбекқызы.Жоғары білімді маман.Еңбек өтілі 20 жыл.Мамандығы: Әлеуметтік педагог Жетістіктер1.«Алғыс хат»,білім бөлімінің басшысы 2022

2.Сертификат «Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми-әдістемелік негіздері» 2023
3.Сертификат «Буллинг-себептері,формалары,алдын алу»2024
4.Сертификат «Білім беру саласындағы лудомания»2024

Төлепбай Талшын Жаңабайқызы арнаулы орта білімді,еңбек өтілі 4 жыл.Педагог-модератор санатына өтініш берді.

Жетістіктері: «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшінің жұмысын ұйымдастыру парадигмасы» тақырыбында өткен білім жетілдіру курстарында көсеткен белсенділігі үшін алғыс хат 2022 жыл,Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану-оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту құралдарының бірі тақырыбында өткен облыстық семинар 2024 жыл. Аудандық «Алтын сақа» олимпиадасы бойынша 2-орын Қуан Нұрали, 3- орын Әбутәлі Әли.2023 жыл.Қысқа мерзімді сабақ жоспарын тиімді жоспарлаудың жлдары мен ерекшеліктері курсы. 2023 ж. «Кенгуру»ойын-конкурсының 1- орын жеңімпазы: Хабергелді Алуа, 1-орын жеңімпазы Әбутәлі Әли, 1 орын жеңімпазы Қуан Нұрали,1 орын жеңімпазы Елшілблай Аққербез.2023 жыл.Қазақстан Республикасының Кіші Ғылыми Академиясы,Биомедицина секциясы бойынша 6-сынып оқушысы Қаратай Перизат Бекзатқызы 1 орын.2024 жыл.Баспа:1-4 сыныптар арасындағы қысқа мерзімді жоспары жинағына ҚМЖ жариялаған.2024 жыл. Сәттібай Арай Нұрболқызы арнаулы орта білімді, еңбек өтілі 4 жыл. Педагог-модератор санатына өтініш берді.

Жетістіктері: «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшінің жұмысын ұйымдастыру парадигмасы»тақырыбында өткен білім жетілдіру курсы 2023 жыл. «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшінің жұмысын ұйымдастыру парадигмасы» 80 сағат көлемінде біліктілігін арттыру курсы 2022 ж.Қазақстан Республикасының Кіші Ғылым Академиясы 1 дәрежелі диплом Аймұханбетқызы Аделья 2023 ж.Қазақстан Республикасының Кіші Ғылым Академиясы 3 дәрежелі диплом өлкетану секциясы бойынша Аймұханбетқызы Аделья 2023ж.Қазақстан Республикасының Кіші Ғылым Академиясы Аймұханбетқызы Аделья 1 дәрежелі диплом 2024 ж. «Зерде»Ғылыми жобасының 3 орын иегері Аймұханбетқызы Аделья жүлделі 3 орын иегері

2024-2025 оқу жылында қоғамдық-гуманитарлық пән бірлестігінде 7 мұғалім жұмыс жасаған. Биылғы оқу жылына жұмыс жоспары жасалған.Бірлестік жетекшісін тағайындау туралы бұйрығы бар. Бірлестіктің құрылуы туралы бұйрық шығарылған. Бірлестік жетекшісі С.Алтынбекова жоғары білімді, тарих пәнінің мұғалімі,еңбек өтілі 20 жыл, санаты педагог-сарапшы.2022 жылы біліктілікті арттыру курсынан өткен. Бірлестіктің өзекті мәселесі: «Тұлғаны сапалы білім беру арқылы озық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану». Жылдық жұмыс жоспары құрылып,бекітілген. Жоспарға сәйкес барлық шаралар өткен. Бірлестіктің өткен оқу жылына талдауы бар. мұғалімдердің,оқушылардың жетістіктері,білім сапасының мониторингісі есепте көрсетілген.

Жаратылыстану-математика пән бірлестігінің жетекшісінің тағайындау туралы бұйрығы бар. Жетекшісі жоғары білімді,педагог-зерттеуші Г.Журкабаева. Еңбек өтілі 33 жыл. Біліктілікті арттыру курсынан 2023 жылы өткен.Бірлестікте 10 мұғалім жұмыс жасайды. Әдістемеліктің өзекті мәселесі: «Жаратылыстану-математика пәндерін оқытуда мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру арқылы оқушылардың бірлескен әрекетін қалыптастыру,білім сапасын жетілдіру». Жоспар үш бөлімнен құрылып,бекітілген. Жас маман математика пәнінің мұғалімі Элдар Ардақұлымен физика пәні мұғалімі педагог зерттеуші Казангапова Ғазиза тәлімгерлік жұмыс атқаруда. Бірлестік 10 күндік бойынша ашық үлгі сабақтар кестесі және сабақтан тыс шаралар кестесі жасалған.І жартыжылдық бойынша атқарылған жұмыстар бойынша талдау есебі жазылған.

Бастауыш сынып бірлестігінде 5 мұғалім жұмыс жасайды..2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспары жасалып,бекітілген.Бірлестік жетекшісі Г.Тойбаева, жоғары білімді,педагог-сарапшы. Еңбек өтілі 30 жыл.2022 жылы біліктілікті арттыру курсынан өткен.Бірлестіктің құрылуы туралы бұйрық шығарылған. Бірлестіктің өзекті мәселесі: «Қазіргі заман талабына сай,оқу мен тәрбие үрдісінде интербелсенді әдістерді қолдану арқылы,білім алушылардың белсенділігін арттыру ». Жылдық жоспар құрылып,бекітілген. Күтілетін жоспар құрылған,бекітілген.Бірлестіктің өткен оқу жылына жасалған талдауы бар. Салыстырмалы түрде жазылған. Мұғалімдердің,оқушылардың жетістіктері жазылған. Білім мониторингісі,мектепішілік бақылау жұмыстары қорытынды есепте көрсетілген.

2024-2025 оқу жылының 3—14 ақпан күндері оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бойынша қазақ тілі мен әдебиеті,математика және жаратылыстану бағытындағы пән мұғалімдерінің атқарған жұмыстары қадағаланған. Әр пән мұғалімдері өздерінің бағыты бойынша дайындық жұмыстарын заман талабына сай жүргізген.

Ұсыныс:

1.Қабілетті оқушымен жеке жұмыстар жүргізу арқылы білімі мен ой өрісін дамыту.

Ұсыныс: жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадаға резерв қойған пән мұғалімдерінің дайындық жұмыстарын күшейту.

2.. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің жеке жұмыс жоспарын құру және шығармашылық жетістіктерін арттыру.

3.Бірлестіктер бойынша бекітілген іс-шаралар жоспары негізінде жұмыстарды жүйелі жүргізу.

## YI.Тәрбие процесінің,өткізілген іс-шаралардың сапасын бақылау

Тәрбие процесінің,өткізілген іс-шаралардың сапасын бақылау бөлімінде 10 мәселе каралған.

1.«Мектепке жол» акциясы бойынша жүргізілген жұмыстарға бақылау (жоспарлы бақылау )
2. Мектептің сыныптардағы санитарлық-гигиеналық жағдайын бақылау (ағымдық бақылау)
3. Қамкоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру (тақырыптық бақылау)
4. Кітапхана жұмысын ұйымдастыру «Оқуға құштар мектеп» жобасы (тақырыптық бақылау)
5. Сынып жетекші бірлестігі жұмысының ұйымдастырылуы (тақырыптық бақылау)
6. Мектеп медбикесінің жұмысын зерделеу (тақырыптық бақылау)
7. Сынып сағаттарының өткізілуін бақылау (фронтальды бақылау)
8. Қыздар ұйымы мен ұлдар ұйымының жұмысын бақылау(фронтальды бақылау)
9. «Мектеп парламенті» жұмысының жүргізілуін бақылау(тақырыптық бақылау)
10. Қыздарды сырттай зерттеу, бақылау,түнгі рейд жұмыстарының ұйымдастырылуы (тақырыптық бақылау)

2024-2025 оқу жылында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының жүргізілуі тамыз-қыркүйек айларында бақылауға алынды. Бұл оқу жылында акцияға ауыл азаматтары және мектеп педагогтары қатысып 5 балаға әлеуметтік көмек көрсеткен.
«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» МКМ-сі барлық санитарлық жағдайға байланысты жұмыс атқарылған. Сабақ кестесі ҚРДСМ 2022 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы негізінде жасалынған. Сабақ арасындағы үзілістер 2 және 3 сабақтардан соң 10 минутқа есептеліп жасалған. Мектептің сыртына, ішкі дәліздеріне және барлық сынып кабинеттеріне термометр ілінген.

2024-2025 оқу жылы бойынша қаркоршылық кеңес жоспары құрылып, құрамы өзгеріс енгізілді.Қамқоршылық кеңес мүшесі Ахметова Маржан жұмыс орнының ауысуына байланысты қамқоршылық кеңес мүшесі болып Қошанбекова Айжан тағайындалып 9 адамдық құраммен бекітіліп, ҰБДБ –на енгізілген.ЖББ қорынан әлеуметтік санаттағы отбасы балаларының тізімі анықталып, 32 бала толық киім қаржысымен қамтамасыз етілген. Балалардың жаздық-сауықтыруын қамтамасыз ету мақсатында жазғы қалалық лагерьлерге ЖББ қорынан 12 бала тізімін анықтап, оқу жылын үздік аяқтаған 4 оқушы тізімін нақтылап «Қазақстан халқы» қорынан жазғы лагерьлерге жолдама берілген. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен 2024-2025 оқу жылында 1-4 сыныптар және 5-10 сыныптардың әлеуметтік санаттағы отбасы балаларының тізімін анықтап, тегін ыстық тамақ ішуге ұсынды.70 бала тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Қамқоршылық кеңес мүшелері тарапынан мектептің оқу-тәрбие саласы бойынша іс-шараларға атсалысып, жоспарға сай жұмыс жүргізілген.

2024 жылдың 2-6 қазан күндері аралығында кітапхана жұмысын ұйымдастыру «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жүргізілген жұмыстар бақылауға алынған.
«Оқуға құштар мектеп» жобасының жұмыс жоспары бекітіліп, осы жоспар аясында біршама жұмыстар атқарылған.
**Жобаның мақсаты:** оқу сауаттылығын арттыру, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, отбасылық оқуды насихаттау.
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында атқарылған «Жазғы демалыс кітаппен» тақырыбында оқушылардың жазғы демалыста оқыған кітаптары туралы жасаған буктрейлері әлеуметтік желіде жарияланған.
5 қыркүйек тілдер мерекесіне және ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың туған күніне орай «Тіл тұғыры – ұлт ғұмыры» тақырыбында көрме жасалып оқушыларға таныстырылған.4
Б.Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай «Балалар әдебиетінің бәйтерегі»тақырыбында әдебий кеш өткізіліп ,мектеп әлеуметтік желісіне жүктелді. Аталған тақырып аясында жыл бойына білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жоспарға сай жұмыстар атқарылған.

2024 жылдың 9-13 қазан аралығында мектепте сынып жетекші бірлестігі жұмысының ұйымдастырылуы бақыланған.Бақылау барысында төмендегі іс-шаралар жоспарының атқарылғаны анықталған:

«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің 2024-2025 оқу жылында мектеп директорының № 68-н бұйрығымен сынып жетекшілер бірлестік жетекшісі Ғ.Казанғапова бекітілген. Оқу жылының басында сынып жетекшілер бірлестігінің жұмыс жоспары құрылып,бекітілді.Жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілген.30 тамыз 1 педагогикалық кеңесте 1-9 сынып, 11 сынып жетекшілері бекітілген.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» - ұлттық,адами құндылықтарға негізделген.Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар -Ұлттық мүдде, Ар ұят, Талап деген бағыттардан туратындығы, тәрбие бағыттарының мақсаты мен міндеттерімен таныстырылып және осы бағыттарды басшылыққа ала отырып тәрбие жоспары құрылған.

Мектепте ұсынылған бағдарлама бойынша сынып жетекшілер мен бірлестік жетекшісі ортақтасып жұмыстар атқарған.

2024-2025 оқу жылында «Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» МКМ де 1-9 сынып, 10 сынып, барлығы 10 сынып комплектісі болды. Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» кешенді жоспарын іске асыру бойынша мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған жоспармен бекітілді. Жоспарға сай әр сынып сынып сағаттарын өткізілген.Мектеп бойынша сынып сағаттары барлық сыныпта аптаның сәрсенбі күніне қойылған.

Мектеп директорының 2024 жылғы 1 қарашадағы №113-н бұйрығы негізінде және қараша айындағы бұйрығы негізінде қыздар ұйымы мен ұлдар ұйымының жұмыстары бақыланды.

2024-2025 оқу жылында мектептің қыздар арасындағы жұмыс мектеп директорының бұйрығымен М.Ахметоваға бекітілген. «Сырғалым» қыздар арасындағы жұмыс жоспары жасалып, бекітілген.

Жоспар бойынша 8.11.2024ж күні 9-10 сыныптар арасында «Қыз тәрбиесі-қоғам тәрбиесі» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілген.Жиналыстың мақсаты мен міндеті қорытынды хабарламада көрсетілген.

«Жеке гигиена» тақырыбында мектебіміздің медбикесі Елшібай Акмерей қыздарға мәлімет беріп, сауалнама алғаны анықталды.

Ерте жүктілікке қатысты мектеп психологы Нұрымбетова Гүлнар Сағынайқызы қыздардан сауалнама алып, қыздармен жұмыс атқарған. Сауалнамаға байланысты психолог тарапынан қорытынды жұмыстары жасалған.

2024-2025 оқу жылында мектептің ұлдар арасындағы жұмыс жүргізуге мектеп директорының бұйрығымен Н.Тұрысбекұлы бекітілді. «Намыс» ұлдар арасындағы жұмыс жоспары жасалып, бекітілген.

Жоспар бойынша

22 қараша айында «Ұлықты ұл өсірсең - ұрпағыңды, қылықты қыз өсірсең - ұлтыңды сақтайсың»н тақырыбында К.Т. Халықова танымдық сабағын өткізген. Ұлдар ұйымының жетекшісі 12.11.2023 ж Н.Тұрысбекұлы «Ер жігіт елі үшін туады», 13.10.2023 ж «Ұл тәрбиелеу, ұлт болашағы» тақырыптарында баяндама оқып,ұлдармен жұмыс жүргізген.

Мектеп директорының 2024 жылдың 1 қараша күнмен берілген №113-н бұйрығына сәйкес «Мектеп парламенті»жұмысының жүргізілуі бақылауға алынған. Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебінде алғашқы қоңырау салтанатты жиыны «Мектеп мейір мекені» салтанатты жиын өткізілген. Республикалық лига жұмыстары «Спорт менімен бірге» атты салтанатты жиын өткізілген. Әр сыныптардағы өзін өзі басқару ұйымын сайлау жиналыстары өткен.

Әр сынып оқушылар арасында үздік оқитын оқушылар сайланды. «Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО »атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 20.10.2024 ж мектеп президентін және мектеп парламент мүшелерінің сайлауы өткізіп сайлауға 3 үміткер өзін ұсынған.«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде «Адал азамат.Ол кім?» Балқаш ауданы жастар аудандық пікірсайыс ойынында оқушыларымыз жүлделі екінші орынға ие болды.

Қараша айы мен желтоқсан айы аралығында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану және оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау мақсатында волейболдан мектеп оқушылары лигасы өткен. Жарысқа қатысуға ынта білдірген топтың атауы, спорттық киімі болуы міндеттелінді. Жарыстың әрбір кезеңдерінде қауіпсіздік, тәртіптік шаралары қамтамасыз етілді. Екі қыздар және екі ұлдар командасы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша 10,9,8-сынып оқушылары жүлделі орындарды иеленіп, үздік ойыншылар марапатталған.

Мектепішілік бақылаудың жүргізілуі бойынша қорытынды:

ҚР Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығы негізінде құрылған мектепішілік бақылау жоспарының жүргізілуі талапқа сай екені анықталды. Ай сайын 6 бағыт бойынша мәселелер қаралып анықтамалар уақытылы папкаларға жинақталған. Қаралған мәселелер және кеткен кемшіліктер бойынша ұсыныстар директор жанындағы және педагогикалық кеңес пен әдістемелік кеңесте қаралған.

Мектеп директоры Денгелбаева Н.Г